



ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРІКМЕНСТАН ПРЕЗИДЕНТТЕРІ КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Сердар Бердімұхамедовке ықылас танытып, ризашылық білдірді. Жоғары деңгейдегі келіссөздерге дейін Ақордада Түрікменстан Президентінің салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Мемлекеттер басшылары бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт берді. Екі елдің әнұрандары шырқалған соң президенттер келіссөз өтетін залға барды.



Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз Түрікменстанды стратегиялық серіктес және бауырлас мемлекет санайтынын жеткізді.

Бізді ғасырлардан жалғасып келе жатқан достық, ортақ тарих, тіл мен мәдениет біріктіреді. Мемлекеттеріміз арасындағы сауда-саттық, экономикалық ықпалдастықтың басқа да түрлері және мәдени-гуманитарлық байланыстар қарқынды дамып келеді. Екі ел серіктестігінің ауқымы мен сапасына көңіліміз толады деп айтуға негіз бар. Бұл ынтымақтастық стратегиялық сипатқа ие. Дегенмен алға қадам басу қажет. Күн тәртібінде өте маңызды мәселелер тұр. Бүгін олардың шешімін бірлесіп табамыз деп ойлаймын, – деді Қазақстан Президенті.

Сердар Бердімұхамедов Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапармен келуге шақырғаны және қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

Сізге түрікмен халқының Ұлт көшбасшысы, құрметті Гурбангулы Мяликгулыевич Бердімұхамедовтің сәлемі мен ізгі тілегін жеткізуге рұқсат етіңіз.

Бүгінде Түрікменстан мен Қазақстанның қарым-қатынасы достық, бауырластық және тату көршілік қағидаттары негізінде дамып келеді. Өзара ықпалдастығымыз саяси-дипломатиялық, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салаларды қамтиды, – деді Түрікменстан Президенті.

Бұдан кейін келіссөздер екі ел делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғасты.

Әңгімелесу барысында мемлекеттер басшылары екіжақты ынтымақтастықтың басым бағыттарын талқылады. Атап айтқанда, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және көлік-логистикалық ықпалдастық мәселелері қарастырылды. Энергетика, өнеркәсіп кооперациясы, ауыл шаруашылығы, IT, білім беру және медицина салаларындағы бірлескен жобаларды іске асыруға баса назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев шақыруын қабыл алып, Астанаға мемлекеттік сапармен келгені үшін Сердар Бердімұхамедовке алғыс айтты.

Қазақ пен түрікмен – ежелден достығы жарасқан туыс халықтар. Біздің тарихымыз және мақсат-мұратымыз – ортақ, мәдени-рухани құндылықтарымыз – бір. Біз Түрікменстанмен ынтымақтастықты тату көршілік және өзара қолдау рухында барынша нығайтуға айрықша мән береміз. Жарқын болашаққа бірге қадам басу үшін күш жұмылдырамыз. Бауырлас халықтарымыздың игілігі

мәлімдемеге қол қойды.

Мемлекеттер басшыларының қатысуымен ресми делегация мүшелері мынадай үкіметаралық және ведомствоаралық құжаттарды алмастырды:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасында мәдени-гуманитарлық сала бойынша ынтымақтастық туралы келісім;

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасында көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Түрікменстанның Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі арасында зейнетақымен қамтамасыз ету саласы бойынша ақпараттық ықпалдастық туралы келісім;

4. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен Түрікменстанның Әділет министрлігі арасында құқықтық саладағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум;

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Түрікменстанның Ауыл шаруашылығы министрлігі арасында ветеринария саласы бойынша ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ұлттық аграрлық ғылыми білім беру орталығы мен Түрікменстанның Ауыл шаруашылығы министрлігі Астық дақылдары ғылыми-зерттеу институты арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

7. Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасында көлік саласындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейту жөніндегі 2026-2027 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары;

8. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Түрікменстанның Денсаулық сақтау және медициналық өнеркәсіп министрлігі арасындағы ынтымақтастықты дамытудың 2026-2027 жылдарға арналған негізгі іс-шаралар жоспары;

9. Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысы әкімдігі мен Түрікменстанның Балқан уәлаяты әкімшілігі арасында сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

10. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясы мен Түрікменстанның Ғылым академиясы арасында ғылым саласы бойынша ынтымақтастық туралы меморандум;

11. Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Президентінің телерадиоқешені» ШЖҚ РМК мен Түрікменстанның Телевизия, радио хабар тарату және кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті арасында ақпараттық сала бойынша ынтымақтастық туралы келісім.

akorda.kz

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН СЕРДАР БЕРДІМҰХАМЕДОВ БАҚ ӨКІЛДЕРІНЕ АРНАЛҒАН БРИФИНГ ӨТКІЗДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Сердар Бердімұхамедовтің қазақ мемлекеттік сапарының маңызын, Түрікменстан – Қазақстан үшін маңызды әрі сенімді серіктес, бауырлас ел екенін атап өтті.



Қос халықты шынайы достық, ортақ тарих пен рухани-мәдени құндылықтар біріктіреді. Осындай мызғымас тұғыры бар қарым-қатынасымыз стратегиялық әріптестік рухында қарқынды дамып жатыр. Екі ел арасында жоғары деңгейдегі саяси диалог қалыптасты. Сауда-экономика саласындағы байланыс жылдан жылға күшейіп келеді. Мәдени-гуманитарлық бағыттағы ықпалдастық нығая түсті. Біз аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге белсене атсалысып келеміз, – деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Сердар Бердімұхамедов пен бауырлас түрікмен халқын Түрікменстанның тұрақты бейтараптығының 30 жылдығымен құттықтады.

Бейтарап саясат жүргізу Түрікменстанның халықаралық аренадағы беделін биіктетіп, бейбітшілік, тұрақтылық пен қауіпсіздік қағидаттарына бейіл екенін көрсетті, – деді Мемлекет басшысы.

Президент келіссөздер барысында екіжақты күш тәртібінің кең көлемді мәселелері талқыланып, ықпалдастықтың басым бағыттары белгіленгенін жеткізді. Әуелгі кезекте сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге назар аударылды.

Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында елдеріміз арасындағы тауар айналымы жыл сайын жарты миллиард доллардан асады.

Биылғы көрсеткіштерге де көңіл толады. Құрметті Түрікменстан Президентімен бірге өзара сауда көлемін бір миллиард долларға дейін ұлғайту үшін қажетті шараларды қолға аламыз. Осы мақсатқа Қазақстан тауар айналымын ұлғайту жөніндегі жұмыс жоспарын қабылдауды ұсынды. Екі елдің бизнес өкілдерін қолдау үшін Сауда үйлерін ашу туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ қос мемлекеттің қалалары арасында тікелей коммерциялық әуе рейстерін ашу мәселесін қарастыруға келістік, – деді Президент.

Қазіргі уақытта көлік-транзит саласы стратегиялық басымдыққа ие. Бұл орайда Солтүстік – Оңтүстік көлік дәлізінің маңызды буыны ретінде Қазақстан – Түрікменстан – Иран теміржол бағдары ерекше рөл атқарады.

Биыл он айда тасымал көлемі бір жарым миллион тоннаны құрап, 14 пайыз ұлғайды. Тарифтерді оңтайландыру, әкімшілік үдерістерді жеңілдету шаралары қабылданды. Шекара маңының инфрақұрылымы белсенді түрде дамып, өткізу бекеттері жаңғыртылып жатыр. Түрікменбашы – Гарабогаз – Қазақстан шекарасы бағыты бойынша жол инфрақұрылымдарын ұштастыру мәселесі біртіндеп шешілуде. Контейнерлік тасымалды жандандыру үшін Каспийдегі Ақтау, Құрық, Түрікменбашы порттарының көлік-логистикалық әлеуетін толық пайдалануға уағдаластық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, келіссөздер барысында Ауғанстан арқылы өтетін Оңтүстік Азия бағытындағы теміржол желісін тарту перспективасы қарастырылған.

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы ықпалдастықтың маңызды саласы саналатынына тоқталды.

Қазақстан бидайын түрікмен нарығына жеткізу көлемін арттыруды

егжей-тегжейлі талқылады. Сонымен қатар өсімдік майы, макарон және ет-сүт өнімдерінің экспортын ұлғайтуға мүмкіндігіміз бар. Түрікменстан-Ауғанстан шекарасында астық терминатын салу перспективасын пысықтадық, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, энергетика саласындағы бірлескен жобаларға баса мән берілген. Қазақстан түрікмен газын Қытайға тасымалдауда ұзақ жылдар бойы сенімді серіктес болып келеді. Бүгінгі келіссөздер қорытындысы бойынша та-раптар газды қайта өңдеу, көгілдір отын жеткізетін инфрақұрылымды дамыту жобалары аясындағы ықпалдастықты жалғастыруға уағдаласқан. Оған бы-тыр қол қойылған Газ саласын дамыту бойынша стратегиялық ынтымақтастық жөніндегі келісім негіз бола алады.

Келіссөздер барысында президент-тер өңірлік және халықаралық күш тәртібін өзекті мәселелері бойынша ұқсас ұстанымда екенін растаған.

Өңірлік, сондай-ақ жаһандық ауқымда тұрақтылық, қауіпсіздік және орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін түрікмен тарапымен тығыз ықпалдастық орнатуға әзірміз. Консулдіктерді кездесулер өткізу, сондай-ақ Каспий теңізінің пробле-масы жөнінде ықпалдастық орнату өте өзекті. Қазақстан Ашхабадтың бастамасы бойынша жарияланған Халықаралық бейбітшілік және сенім жылы аясында Түрікменстан өткізген іс-шараларды жоғары бағалайды, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөз соңында Президент Сердар Бердімұхамедовтің сапары Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы достық, тату көршілік және стратегиялық серіктестікті нығайтуға зор үлес қосатынына сенімді екенін жеткізді. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл сапар екі ел қарым-қатынасының тарихи кезеңіне бастау болады.

Сердар Бердімұхамедов мемлекеттер арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі кеңейтуге қатысты Түрікменстанның ұстанымымен бөлісті.

Екіжақты күш тәртібін талқылау барысында сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға айрықша мән берілді. Өзара сауда-саттық аясын кеңейту және әртарапандыру, сондай-ақ өнеркәсіп кооперациясы са-ласында бірлескен ауқымды жобалар-ды жүзеге асыру үшін инвестициялық саясатты жандандыру мәселелері қарастырылды.

Бұл ретте екі мемлекеттің биз-нес қоғамдастықтары арасындағы іскерлік байланыстарды нығайтудың маңызы зор. Энергетика – екіжақты ынтымақтастықтың басым бағыттарының бірі. Түрікменстан бұл бағыттағы жұмысты одан әрі жалғастыруға дайын. Сонымен қатар еліміздің электр энергиясы мен химия өнеркәсібіндегі серіктестікті нығайтуға айтарлықтай мүмкіндігі бар. Көлік және логистика өзара ықпалдастығымыздың стратегиялық сипатқа ие бағыты сана-лады.

Қазіргідей күрделі геосаяси және геозкономикалық ахуал кезінде Шығыс – Батыс және Солтүстік – Оңтүстік бағдарындағы көлік-транзит дәліздерінің жұмысын жандандыру аса өзекті, – деді Түрікменстан Президенті.

akorda.kz

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ АЯСЫНДА ТАЛДЫҚОРҒАНДА FAB-LAB ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЗЕРТХАНАСЫ АШЫЛДЫ



Талдықорған жоғары политехникалық колледжінде еліміздегі заманауи Fab-Lab инновациялық зертханасы ашылды - деп хабарлайды Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі. Инновациялық зертхана студенттердің инженерлік және цифрлық дағыларын дамытуға бағытталған.

Fab-Lab (Fabrication Laboratory) — әлемнің жетекші оқу орындары қолданатын цифрлық өндіріс зертханалары желісінің халықаралық форматы.

Зертхана үш негізгі бағытта жұмыс істейді:

- Робототехника зертханасы – NAO гуманоид роботтары мен WorldSkills стандарттарына сай платформалар арқылы құрастыру және бағдарламалау дағыларын дамытуға арналған.
- 3D модельдеу және 3D басып шығару зертханасы – Fusion 360, SolidWorks, Blender бағдарламаларында прототиптер мен цифрлық модельдер жасауға мүмкіндік береді.
- Жасанды интеллект зертханасы – Python, машиналық оқыту, компьютерлік көру және нейрондық желілер бойынша практикалық білім алуға бағытталған.

«Жұмысшы мамандықтар жылында осындай заманауи зертханалардың ашылуы – еліміздің болашақ инженерлері мен техниктерін дайындаудағы үлкен стратегиялық қадам. Fab-Lab жастардың тек оқып қана қоймай, нақты өнім жасап, инновациялық жобалар әзірлеуіне мүмкіндік береді. Бұл – еңбек нарығына қажетті жаңа буын мамандарын қалыптастырудағы маңызды бастама», – дейді Техникалық және кәсіптік білім беру департаментінің басшысы Әсет Мұхамбетов.

Жаңа орталық студенттерге теорияны тәжірибемен ұштастырып, өз идеяларын іске асыруға, өнеркәсіп пен IT саласына қажетті жобалар әзірлеуге жол ашады.

Дереккөз: ҚР Оқу ағарту министрлігінің ресми интернет ресурсы

«ҚОРҒАС ТОРАБЫ» ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ХАБЫН ДАМУ АЯСЫНДА БҮГІНГЕ ДЕЙІН ЕКІ МЫҢ ЖҰМЫС ОРНЫН ҚҰРҒАН 40 ЖОБА ІСКЕ АСЫРЫЛДЫ

Жетісу облысында «Қорғас торабы» трансшекаралық хабын дамыту мақсатында инвестициялар тарту, жүк ағыны мен транзитті ұлғайту, өткізу пункттерін жаңғырту жөнінде шаралар қабылдануда. Мәселен, «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА мен «Қорғас» ШЫХО-да екі мыңнан астам жұмыс орнын құрған 76 млрд. теңгелік 40 жоба іске асырылған, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының мәліметінше, олардың қатарында қуаты тәулігіне 1400 вагонды өңдеуге мүмкіндік беретін «KTZE-Khorgos Gateway» құрғақ порты, «SSA FEED Mills» ЖШС-ның құрама жем өндіру зауыты, «Майами Солар» ЖШС-ның күн батареяларын өндіретін зауыты т.б. ірі жобалар бар. Жалпы 2027 жылдың соңына дейін 9 мыңнан астам жұмыс орны құрылатын, 1,1 трлн. теңгеге тағы 65 жобаны іске асыру жоспарлануда.

Бүгінгі күні «KTZE – Khorgos Gateway» құрғақ портының кеңейту жұмыстары аясында 2 темір жол жаңғыртылды, қосымша 8 жол салынып, қазіргі кезде 16 жол қызмет көрсетуде. Бұл терминалдың өткізу қабілетін жылына 540 мыңнан 800 мың контейнерге дейін, яғни бір жарым есе арттыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ «SKYHANSA» компаниясының халықаралық жүк-жолаушы әуежайын салудың инженерлік инфрақұрылымның жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Жобаға тартылатын инвестиция көлемі 250 млрд. теңге, 700 жұмыс орны ашылады.

Сонымен қатар «Қорғас» орталығында жаңғырту жасалып, екінші багаж терминалы іске қосылды, Face ID және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграция енгізілді, жүк тасымалдау бойынша «Қазпошта» АҚ жұмысы басталды. Осының нәтижесінде орталыққа келушілер саны тәулігіне 2,5 мыңнан 5 мың адамға дейін өсті.

Ал «Нұр жолы» пунктінде өткізу қабілетін арттыру, көлік легін оңтайландыру және процестерді цифрландыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Тәулік бойы жұмыс режимі мен электронды кезек жүйесі енгізіліп, соның нәтижесінде өткізу қабілеті екі есеге артып, тәулігіне 800-ден 1600 автокөлікке дейін өсті. Биыл «Нұр жолы» өткізу пунктінде ірі өлшемді және жеңіл көліктерге арналған ұзындығы 2,4 шақырым айналма жолдың құрылысы аяқталды. Жоба аясында көлік легін «Қорғас» орталығына бағыттау жоспарланып отыр, бұл өткізу пунктіндегі жүктемелі 40-45% төмендетуге мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, бельгиялық «Saron Kazakhstan» (SARENS) компаниясы екінші айналма жолдың, сондай-ақ ірі тоннажды көліктерге арналған уақытша қойма мен жинақтаушы алаңның құрылысын бастады. Жобаның құны – 8 млрд. теңге, құрылыс жұмыстары 2026 жылдың соңы аяқталады деп жоспарланған.

Сондай-ақ тауарлар экспортын арттыру мақсатында Алтынкөл–Жетіген екінші жолдарының құрылысы жүргізілуде, жалпы ұзындығы 294 шақырым, Жетісу облысынан 64 шақырымы өтеді, аяқталу мерзімі - 2026 жыл. Сонымен қатар, Ынталы-Алтынкөл аралығындағы учаскеден «KTZE–Khorgos Gateway» компаниясының тиесілісі терминатына апаратын темір жол құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленуде.

Осы жобаларды іске асыру Алтынкөл станциясының өткізу қабілетін тәулігіне 18-ден 30 пойызға дейін, ал жүк тасымалы 1,7 есеге артады. Бұл жобалар Қазақстан мен Қытай арасындағы жүк тасымалын ұлғайтып, әлеуметтік-экономикалық дамуға серпін бермек.

Фотограф: Дмитрий Ерофеев



Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА ШАЛҒАЙ АУЫЛДАРДА ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛУДЕ



Жетісу облысында өрт қауіпсіздігі айлығы жалғасып жатыр. Айлық аясында Төтенше жағдай департаменті қызметкерлері шалғай елді мекендерге шығып, өрттің алдын алу және уіс тиіп ұлану қаупін төмендету мақсатында рейдтер жүргізуде. Тексеру барысында мамандар тұрғындарға өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіріп, пештің жылыту жүйесін тексерді, әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтардың үйлеріне улы газды анықтайтын датчиктер орнатты. Атап айтқанда облыс бойынша әлеуметтік әлжуаз топтағы отбасылардың үйіне биыл 2085 датчик қойылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Кезекті профилактикалық рейд барысында өңірдің ТЖД қызметкерлері Кербұлақ ауданына қарасты Аралтөбе ауылына барып, әлеуметтік осал отбасылар тұратын жеке тұрғын үйлерді аралады. Атап айтқанда, аз қамтылған және көпбалалы отбасылар, ерекше қажеттілігі бар адамдар, жалғызбасты аналар мен зейнеткерлердің үйлеріне ерекше назар аударылды. Рейд барысында электр сымдары мен розеткалар тексеріліп, пештер мен мұржалар тазартылды, сондай-ақ тұрғындарға пеш жабдықтарын пайдалану ережелері түсіндірілді. Көп үйлер пешпен жылытылатын ауылдық жерде мұндай профилактикалық жұмыстардың маңызы ерекше.

Облыстық ТЖД мемлекеттік өрт бақылау басқармасының аға инженері Еламан Әубәкіров пешпен жылытылатын үйлерде мұржаның тазартылуынан, пештің дұрыс орнатылуынан, электр желілерінің шамадан тыс жүктелуінен қауіп көп екенін айтты.

– Өрт оқиғаларының басым бөлігі жылу және электр жүйелерінің дұрыс жұмыс істемейуінен туындайды. Осыған байланысты бақылауды күшейтіп, тұрғын үйлерге улы газды анықтайтын дабыл құрылғыларын орнатудамыз. Бүгін 70-тен астам үйге барып, профилактикалық жұмыс жүргіздік. Тұрғындардан жылыту құралдарының жарамдылығын тексеруді, мұржаларды уақтылы тазартуды, электр желісін шамадан тыс жүктемеуді және пештерді қараусыз қалдырмауды сұраймыз, – дейді Еламан Әубәкіров.

Алдын алу шараларының атқарылғанына ауыл тұрғындары риза.

– Ауылымызда 300-дей тұрғын бар. Ауылға әлі газ келмегендіктен, бәрі көмір, ағаш тасып пеш жағады. Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлері жылда жылыту маусымы кезінде тексеріс жүргізеді. Бұрын мұржаны қолмен тазалайтынбыз. Қазір мамандар біз сияқты көп балалы отбасылардың үйлеріндегі пешті тексеріп, мұржамызды тазалап береді. Өрт қауіпсіздігі өр тұрғын үшін маңызды – дейді ауыл тұрғыны Алдабергген Сұранбеков.

Ауылдың тағы бір тұрғыны Жанар Ысқақ та осындай пікірде:

– Жалғызбасты ана болғандықтан бір өзім мұржа тазалай алмаймын. Сондықтан мамандарға арнайы барып, өтініш білдірдім. Электр желілерінің техникалық жағдайын қарап ақауларды анықтап, арнайы құрылғы орнатып берген қызметкерлерге алғыс білдіремін, – деді ол.

Жетісу облысы Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, қабылданып жатқан алдын алу шараларының арқасында жылыту маусымы басталғалы бері өңірдегі өрт саны 20%-ға қысқарған. Биыл бүкіл облыс бойынша әлеуметтік жағынан осал азаматтардың үйлеріне улы газды анықтайтын 2085 дана датчик орнатылды. Бұдан бөлек, өңірдің тұрғын үй секторында 1510 жиын, 1122 нұсқаулық және 24 брифинг өткізіліп, оларда жалпы саны 32 400-ден астам адам қамтылды.

Фотограф: Жұмабай Мұсабеков

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

Жетісу облысында биылғы эпидемиологиялық маусым тұрақты бақылауда. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, эпидмаусым басталғалы өңір бойынша жедел респираторлық вирустық инфекцияның (ЖРВИ) 45 674 жағдайы тіркелді, оның 30 912-сі – 14 жасқа дейінгі балалар. Медициналық ұйымдарда вирустың өсуін ескере отырып, МСАК деңгейінде 29 мобильді бригада, 25 сүзгі кабинеті және азаматтарға кеңес беретін 48 телефон желісі жұмыс істеп тұр. Шұғыл көмек көрсету үшін 69 жедел медициналық жәрдем бригадасы жұмылдырылған. Облыста 82 000 адам вакцинацияланып, тұмауға қарсы егілді. Стационарлық көмек 421 инфекциялық төсекке есептелген, қажет болған жағдайда қосымша 196 төсек дайындалды.

ОБЛЫСТА ТҰМАУ ЖӘНЕ ЖРВИ БОЙЫНША ЖАҒДАЙ БАҚЫЛАУДА

Реанимацияда ауыр жағдайдағы п а ц и е н т т е р ж о қ . Облыста халық арасында профилактика шараларын күшейту мақсатында ақпараттық ағарту жұмыстары белсенді жүргізілді. 15 813 ақпараттық парақша таратылып, 1,5 мыңнан астам адамды қамтыған оқу семинарлары мен конференциялар ұйымдастырылды. Іс-



шаралар барысында мамандар тұмаудың алдын алу тәсілдерін, вакцинацияның маңызын және

ауру белгілері б а й қ а л ғ а н жағдайда әрекет ету алгоритмін түсіндірді. Сонымен қатар медициналық ұйымдардың р е с м и әлеуметтік желі парақтарында ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу жөніндегі ма- териалдар жарияланып, тұрғындарға бағытталған кең көлемді түсіндіру жұмыстары жалғасуда.

Республика бойынша әдеттегі тұмау вирустары айналымда жүр, жаңа немесе қауіпті штаммдар анықталған жоқ. Соның ішінде елде А тұмауы вирусының «Гонконг тұмауы» деп аталатын H3N2 штаммы тіркелді. Бұл вирус жаңа емес, 1968 жылдан бері әлемде тұрақты таралып келеді. H3N2 штаммы жоғары температура, бас ауруы, әлсіздік және жөтел сияқты тұмауға тән белгілермен сипатталады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, қазіргі маусымда жиі кездесетін үш штамм – А (H1N1), А (H3N2) және В түрлері. Аталған штаммдар қолданыстағы «Грипполт+» вакцинасында бар, сондықтан вакцинация ауыр ағымнан тиімді қорғаныс береді.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметі бойынша дайындалды

ПРЕЗИДЕНТ КЕҢЕСШІСІ МӘЛІК ОТАРБАЕВ ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев жұмыс сапары барысында Жетісу облысының Ескелді ауданына барып, жергілікті тұрғындармен кездесті. Кездесудің негізгі тақырыбы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауының өңірде іске асырылуы болды.

Облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов кездесуді ашып, өңірде әлеуметтік-экономикалық даму, инфрақұрылымды жаңғырту, кәсіпкерлікті қолдау және қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ету бағыттары бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Ескелді ауданының әкімі Елдос Ахметов аудан бойынша Жолдауда берілген тапсырмалардың орындалуы туралы айтты. Оның сөзіне қарағанда, биылғы жылы Ескелді ауданына 26,4 млрд теңге инвестиция тартылып, ірі энергетикалық жобалар жүзеге асырылуда, өнеркәсіп өнімі көлемі 9,1 млрд теңгеге дейін өсіп, агроөнеркәсіп кешенінде заманауи технологияларды енгізу арқылы 45,1 млрд теңгенің өнімі өндірілген. Ауданда 13,7 шақырым жол жөнделіп, 40 шақырымнан астам су құбыры жаңартылды, 19 елді мекен газбен қамтылды, әлеуметтік осал санаттағы азаматтар үшін 20 үй сатып алынып, мектептер мен медициналық нысандарды жөндеу жұмыстары жалғасуда. Шағын және орта бизнес-тің төрт мыңға жуық субъектісі жұмыс істеп, 7,5 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтып отыр, туризм саласы да дамып келеді.

Кездесуді жалғастыған Мәлік Отарбаев Президент Жолдауы жеті негізгі бағытты қамтитынын атап өтті. Олардың қатарында цифрландыру, экономиканы дамыту, инновациялар, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік саясат және құқықтық тәртіпті нығайту бар. Сонымен қатар «Заң мен тәртіп» идеологемасын, «Таза Қазақстан» және «Адал азамат» бағдарламаларын іске асырудың маңыздылығына тоқталып, олардың тұрақты әрі әділ қоғам қалыптастырудағы рөліне ерекше тоқталды. Президент кеңесшісі цифрландыру мен жасанды интеллект технологияларын енгізу еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, экономикалық өсудің, басқару тиімділігін, қауіпсіздікті және азаматтардың өмір сапасын жақсартудың негізгі құралдарына айналып отырғанын жеткізді. Бұл процестерде цифрлық дағдыларды тез меңгеретін және инновациялық шешімдер жасай алатын жастардың рөлі айрықша, сондықтан жаңа буын елдің цифрлық трансформациясының қозғаушы күші болуы тиіс екенін атап өтті.

Сондай-ақ кездесу барысында Ескелді ауданының мәслихат депутаты Үміт Тортаева, «Нам» шаруа қожалығының басшысы Герман Нам және Ескелді ауданының ардагерлер кеңесінің төрағасы Қалабек Тастанбаев сөз сөйледі.

Облыстық қоғамдық даму басқармасы.

ФИШИНГТІҢ ЖАҢА ТОЛҚЫНЫ - СІЗДІҢ АЙФОНДАРЫҢЫЗДЫ ОНЛАЙН ҰРЛАУДА

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қылмыстық қауіп-қатердің және қоғамдық қауіпсіздіктің тәуекелдерін болжау орталығы iPhone иелеріне қатысты интернет-алаңқтықтың қаупі туралы ескертеді. Шетелдік дереккөздердің (<https://www.bleepingcomputer.com/news/security/lost-iphone-dont-fall-for-phishing-texts-saying-it-was-found/>, <https://itc.ua/news/moshennyky-obmanyayut-vladeltsev-ukradennyh-iphone-falshyvymy-soobshhenyaymy-apple-find-my/>) ақпаратына сәйкес зиянкестер адамдарға Apple атынан жалған табылған iPhone-ның моделі, түсі және жадының көлемі көрсетілген жалған SMS немесе iMessage-ті, фишингтік сілтемені қоса жайылғай отырып, жолдайды, осылайша хабарламаның жалған еместігі туралы әсер туындайды.

Бекітілген сілтеме бойынша ету арқылы, пайдаланушы Apple Find My сервисіне визуалды ұқсас жалған парақшаға түседі, ол Apple ID логині мен паролін алаяқтарға жолдайды. Бұл зиянкестерге iPhone-ның қосылуын құлыптауды айналып өтуге, құрылғыға және жеке ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндігін береді.

Қауіп-қатердің көрсетілген түрі белсенді түрде таралуын ескере отырып, қатаң түрде келесі іс-шараларды ұстануды ұсынамыз:

- күмән тудыратын сілтемелер бойынша өтпеуді;
 - жоғалған құрылғының құлыптау экранында байланыс ақпаратын көрсету үшін бөлек электрондық поштаның мекенжайын пайдалануды;
 - SIM-картаға қол жеткізуді қиындату үшін оны PIN-кодпен қорғауды;
 - құрылғыны тек icloud.com/find арқылы тексеруді.
- Сақ болыңыздар, киберқауіпсіздік талаптарын сақтаңыздар.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
Құқықтық статистика және арнайы
есепке алу жөніндегі комитеті

НОВАЯ ВОЛНА ФИШИНГА-ВАШИ IPHONE КРАДУТ ОНЛАЙН



Центр прогнозирования преступных угроз и рисков общественной безопасности Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан предупреждает об угрозе интернет-мошенничества в отношении владельцев iPhone.

По данным зарубежных источников (<https://www.bleepingcomputer.com/news/security/lost-iphone-dont-fall-for-phishing-texts-saying-it-was-found/>, <https://itc.ua/news/moshennyky-obmanyayut-vladeltsev-ukradennyh-iphone-falshyvymy-soobshhenyaymy-apple-find-my/>) злоумышленники рассылают поддельные SMS сообщения или iMessage от имени Apple с прикрепленной фишинговой ссылкой, указывая модель, цвет и объем памяти, якобы найденного iPhone, тем самым создается впечатление подлинности уведомления.

Перейдя по закрепленной ссылке пользователь попадает на фальшивую страницу, визуально идентичную сервису Apple Find My, которая передает логин и пароль Apple ID мошенникам.

Это позволяет злоумышленникам обойти блокировку активации iPhone и получить доступ к устройству, и личной информации.

Учитывая, что данный вид угрозы начинают активно распространяться, настоятельно рекомендуем:

- не переходить по ссылкам, вызывающим сомнение;
- использовать отдельный адрес электронной почты если хотите отобразить контактную информацию на экране блокировки потерянного устройства;
- заштитить SIM-карту PIN-кодом, чтобы затруднить доступ к ней;
- проверять устройство только через icloud.com/find.

Оставайтесь бдительными, соблюдайте кибербезопасность.

Центр прогнозирования преступных угроз
и рисков общественной безопасности Комитета
по правовой статистике и специальным
учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА 1700 ГЕКТАР ЖЕРДЕ СУ ҮНЕМДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ҚОЛДАНЫЛУДА

Ж е т і с у д ы ң
Ескелді ауданында ауыл шаруашылығына жаңа технология енгізу жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Мұнда сегіз ірі шаруашылық су үнемдеу технологиясын 1700 гектар алқап қолданып отыр. Бұл ретте тамшылатып суару – 100 га, жаңбырлатып суару – 1,6 мың га. Ал биылғы жылы «Нам Г.» шаруа қожалығы 48 гектар жерге жер асты тамшылатып суғару жүйесін енгізуде. Жобаның жалпы құны 240 млн.теңге, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Ескелді ауданының әкімі Елдос Ахметовтің өңірлік коммуникациялар алаңында өткен брифингіде айтқан сөзіне сүйенсек, аудан бойынша егін алаңы 53,4 мың гектар себілген, соның ішінде дәнді және майлы дақылдар, жем-шөп дақылдары, қант қызылшасы, картоп, көкөністер мен бақша дақылдары толығымен жиналып бітті. Ауданда басымдық берілетін қант қызылшасы дақылды биыл 1922 га жерге себіліп, қазіргі уақытта толығымен жиналып, орташа түсімділігі – 535 ц/га құрады. Бүгінгі күні өнім Көксу қант зауытына өткізілуде.

Аудан әкімінің айтуынша, ауданда мал шаруашылығы да дамып келеді. Қазір мұнда 44 мың бас ірі қара, 148 мыңдай қой-ешкі, 17 мыңнан астам жылқы, 39 мыңнан астам құс өсіріледі. Осы он айда 7,5 мың тонна мал мен құс еті, 16,5 мың тонна сүт өндірілген.

- Жер мәселесіне келсек, соңғы үш жылда пайдаланбай жатқан 30 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Қайтарылған жерлерді айналымға қайта енгізу – маңызды міндеттердің бірі. Бүгінгі күнге дейін 21 мың гектар жер айналымға тартылды, оның 5 мың гектары конкурс арқылы, 16 мың гектары қоғамдық жайылым ретінде берілді. Аудан қорында қалған 9 мың гектар жер конкурс арқылы кезең-кезеңімен берілетін болады, - деп атап өтті Е. Ахметов.


Жалпы, осы жылдың он айында Ескелді ауданында 45,1 млрд теңгенің ауыл шаруашылығы өнімі өндірілген.

Фотографтар: Дмитрий Ерофеев, Жеңіс Ысқабай, сол сияқты бірқатар фотосуреттерді Ескелді ауданының әкімдігі ұсынды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ПЕШТІҢ МҰРЖАСЫН ҚАДАҒАЛАҢЫЗ!

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



«Неліктен түтін мұржасы күйеге бітелген». Күйдің пайда болуы табиғи процесс, бірақ ластану дәрежесіне және оның жылдамдығына әсер ететін бірқатар факторлар бар: сапасыз отынды пайдалану. Ылғал, ластанған отын күйе мөлшерін көбейтеді, қылқан жапырақты отыннан алынған

күйе жабысқақ, коррозиялы және шайырлардың болуына байланысты оңай тазаланбайды; қалдықтарды өртеу (иә, кейбіреулер отқа арналған пластик бөтелкелер мен сөмкелерді жағып үлгереді); өту қиын учаскелерімен немесе жай құбырлы люменмен мұржаны қалау технологиясын бұзу; төменгі температураға төзімді, түтін мұржасы жасалатын төмен сапалы материал.

Түтін мұржасын ластамау үшін не істеу керек. Ластанудың алдын алу үшін және түтін мұржаларын күту шеңберінде профилактикалық заттарды қолданған жөн - бұлар химиялық композициялар (өнеркәсіпте әртүрлі агенттер шығарады) және халықтық әдістер (тас тұзы, картоп қабығы, көктерек немесе қайың отыны).

Тазалау кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Барлық әдістер қауіпсіздік техникасын міндетті түрде сақтауды талап етеді!

Механикалық тазарту үшін: шатырдағы барлық жұмыстар тек сақтандырумен жүзеге асырылуы керек;

мұржаны жаман ауа-райында, жаңбыр жауған кезде, қатты жел, төбесі мұзбен жабылған кезде тазаламау керек - құлап кету қаупі жоғары;

Химиялық тазалау кезінде: нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оларды қатаң сақтаңыз. Мәселе мынада, әр түрлі құралдар әртүрлі тәсілдермен қолданылады және барлық нюанстар өте маңызды - ораманы алып тастау немесе алып тастау үшін, тазалағаннан кейін желдету қажет немесе жоқ, отты жөшікке тығыз жабық есік қажет пе, жоқ па, сондықтан пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде оқып шығыңыз. Түтін мұржаларын уақытында тазалаңыз, ошақтағы түтін мен өрттің және жақындарыңыз бен өздеріңіздің көміртегі тотығымен улануының алдын аласыз.

Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі.

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ – ТАЗА АУДАН, ЖАРЫҚ БОЛАШАҚ МЕКЕНІ

Қазақстанның сайын дала-сы, кең өлкесі – табиғаттың ғажайып сыйы. Ұлы Даланы мекендеген халықтың өмірі де осы табиғатпен біте қайнасып, оның әрбір тынысымен астасып жатыр. Сол кең мекеннің ерекше бір көркем бөлігі – Жетісу өңіріндегі Ескелді ауданы. Бұл аудан – табиғаты тамаша, ауасы таза, жері құнарлы, халқы еңбекқор аймақ. Ескелді – адам жанын тыныштандыратын кеңістік, рухани күш-қуат беретін мекен.

Ескелді ауданының құндылығы тек табиғатымен ғана өлшенбейді. Мұнда тарих, мәдениет, салт-дәстүр, рухани сабақтастық ерекше үйлесім табады. Адамдар табиғатты аялау арқылы өзінің болашағын, елінің келешегін қорғап отырғанын жақсы түсінеді. Сондықтан бұл өңірді зерттеп, танып-білу – әрбір жас үшін маңызды.

Ескелді ауданы – тарихы терең, шежіресі бай мекен. Аудан атауы қазақтың көрнекті биі Ескелді Жылкелдіұлының құрметіне қойылған. Жоңғар шапқыншылығы мен ел ішіндегі қиын-қыстау кезеңдерде еділдігімен, шешендігімен, батылдығымен көзге түскен бұл тұлға халықтың бірлігін, жерінің тұтастығын сақтауға зор үлес қосқан. Халық тарапынан “Ескелді би” атануы оның ел есінде мәңгілікке сақталғанын көрсетеді.

Бұл өңірдің тарихы Ескелді бидің есімімен ғана емес, жалпы Жетісу өлкесіне тән көне мәдениетпен де байланысты. Осы жерде ата-бабаларымыз мал өсіріп, жер өңдеп, шағын қоныстар құрып, өздерінің төл мәдениетін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған. Аудан аумағында ежелгі қоныстар, тарихи орындар, көне қорымдар бар. Олардың әрқайсысы – бабалардың өткен өмірінен сыр шертетін қазына.

Ескелді ауданындағы ауылдардың атаулары да көп нәрседен хабар береді. Әрбір ауылдың тарихы – үлкен шежіренің бір тарауы. Бұл жерлерде ғасырлар бойы елін сүйген, жерін қорғаған адамдар өмір сүрген. Олардың жүріп өткен жолдары бүгінгі ұрпақ үшін үлгі, ал туған жердің тарихы – рухани тірек.

Тарихты білмей, туған жерді сүйіп, оны қорғау мүмкін емес. Сондықтан Ескелді жастары үшін өз өлкесінің өткенін танып-білу – маңызды міндет.

Ескелді ауданы өзінің табиғи көрінісімен ерекше бейнеленеді. Мұнда төрт мезгілдің әрқайсысы түрлі түске еніп, адамға бөлек әсер сыйлайды.

Көктем – ояну кезеңі
Көктем келгенде Ескелдінің дала-

сы ерекше құлпырып, жасыл түске боялады. Өзендердің жағасына алғашқы бейшешектер шығып, құстардың үні жаңғырыға бастайды. Ауыл маңындағы тау бөктерлері дала гүлдерімен көмкеріліп, табиғат оянып, адамға ерекше күш-қуат береді.

Жаз – табиғаттың сұлулығының шегі
Жаз мезгілінде аудан ауа райы жұмсақ, аса ысымайды. Жазық даланы жоңышқа, беде, жусан иісі көрнейді. Мөлдір бұлақтар мен шағын өзендер ауыл өміріне ерекше сән береді. Далаға таралатын самал желдің өзі жанға жайлы.

Күз – тоқшылық пен еңбек кезеңі
Күзде Ескелді жері алтын түске енеді. Егін алқаптары пісіп-жетісіп, халық мол өнім жинауға кіріседі. Табиғаттың байлығы еңбек пен маңдай тердің арқасында игілікке айналады.

Қыс – тыныштық пен мөлдірлік мезгілі
Қыста жер аппақ мамыққа оранып, дала кезеңі тыныштыққа шомады. Ауасы ерекше тазарғандай болады. Дәл осы кез – ауданның “таза ауа” түсінігін нақты сезінуге болатын шақ.

Ескелдінің табиғатында кеңдік те, тыныштық та, әсемдік те бар. Мұнда ірі зауыттар жоқ, экологияны ластайтын өндіріс орындары аз, сондықтан табиғат өзінің бастапқы қалпын сақтап қалған.

Экологиялық мәдениет – аудан халқының басты құндылығы
Ескелді ауданын “таза аудан” деп атау бекер емес. Бұл – тек табиғат берген сый емес, халықтың өз еңбегімен, жауапкершілігімен қалыптасқан жағдай. Аудан тұрғындарының экологиялық мәдениеті жоғары. Олар табиғатты аялауды, қоршаған ортаны таза ұстауды өздерінің өмірлік қағидасы ретінде көреді. Бұл мәдениеттің негізгі көріністері:

- Көшелер мен ауылдарды таза ұстау
- Аудан орталығында да, ауылдарында да тазалыққа ерекше мән беріледі. Көшелерде қоқыс тастауға тыйым салынған, адамдар мұны толық түсінеді. Тазалық – мәдениеттің белгісі екенін жақсы біледі.
- Сенбіліктер мен ағаш отырғызу дәстүрі

Көктемде және күзде халық толықтай сенбілікке шығып, өзен жағаларын, саябақтарды, көшелерді тазалайды. Әсіресе жасыл желек отырғызу – аудан үшін ерекше маңызды.

Әр ауылда мыңдаған ағаштар отырғызылып, олар тұрақты күтімге алынады.

- Жастардың белсенділігі

Ескелді ауданында жастар табиғатты қорғау ісіне белсенді қатысады. Мал шаруашылығы мен егіншіліктегі тазалық сақталуы

Бұл өңірдің негізгі кәсібі — мал шаруашылығы мен егіншілік. Алайда шаруашылық барысында

экологиялық нормаларды сақтау – негізгі талап. Суларды ластамау, жайылымдарды дұрыс пайдалану, жер ресурстарын қорғау сынды мәселелер қатаң қадағаланады.

Экологиялық мәдениет – бұл жай ғана ереже емес, бұл халықтың дүниетанымы. Сол себепті Ескелді ауданын “Жетісудың ең таза аудандарының бірі” деп бекер айтпайды. Адам үшін ауа – тіршіліктің негізі. Егер ауа таза болса, адамның денсаулығы да жақсы болады. Ескелді ауданында ауа сапасының жоғары болуы бұл өңірдің басты артықшылығы.

Таза ауа:
-өкпе ауруларының алдын алады;
-адамның иммунитетін нығайтады;
-денсаулықты жақсартады;
-кеңіл-күй мен өмір сапасын көтереді.

Қала өміріне үйренген адам Ескелдіге келгенде бірден таза ауаны сезеді. Мұндағы самал желдің өзі ерекше бір жұмсақтық сыйлайды. Бұл – табиғаттың беріп отырған таза сыйы. Ескелді халқы табиғи ортаның қадірін жақсы түсінеді. Көптеген отбасылар жазда балаларын таза ауаға шығарып, табиғат аясында демалтады. Бұл да – денсаулыққа өте пайдалы әдет.

Болашақ – біздің қолымызда
Ескелді ауданы – табиғаты сақталған, адам еңбегі мен жауапкершілігі үйлескен өңір. Бірақ табиғатты қорғау жұмысы тоқтап қалмайды, ол – үздіксіз жүретін процесс.

Болашақ ұрпақ үшін ауданның осы табиғи қалпын сақтап қалу — бүгінгі күннің маңызды міндеті.

Болашаққа бағытталған шаралар:
-табиғатты бүлдірмеу;
-қоқысты азайту және қайта өңдеу мәдениетін дамыту;
-жасыл аймақтарды көбейту;
-жастарға экологиялық білім беру;
-ауылшаруашылық жерлерін дұрыс пайдалану;
-өзен-көлдерді қорғау.

Егер осы шараларды әр адам жүрегіне түйіп, орындап жүрсе, Ескелдінің болашағы жарқын болатыны сөзсіз. Ескелді ауданы — тек географиялық аймақ емес, ол – табиғи тазалықтың, тарихи тағылымның, адам мен табиғат үйлесімінің символы. Бұл ауданның ауасы таза, табиғаты әсем, халқы еңбекқор әрі мәдениетті.

“Таза аудан – таза ауа” қағидасы Ескелді жерінде өмір салтына айналған. Туған жерді қорғау – бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын аманат. Ескелдінің бүгінгі келбеті – осы аманатқа адалдығының айғағы.

Ал болашақтың қандай болатыны – дәл бүгінгі біздің іс-әрекетімізге байланысты.

Мариям Айханқызы,
9-сынып оқушысы

АЛАШ РУХЫНЫҢ ШАМШЫРАҒЫ – МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ



«Алаш мұрасы – ұрпаққа аманат» атты библиографиялық шолу аясында

Биыл қазақ руханияты үшін ерекше белес – XX ғасыр басындағы ұлт зиялысының, Алашорда қайраткері, ақын, жазушы, ағартушы Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл толып отыр. Осыған орай аудандық кітапханада «Алаш мұрасы – ұрпаққа аманат» атты библиографиялық шолу ұйымдастырылып, оқырман қауымға Міржақып мұрасының тереңдігі мен мәңгілік маңызы кеңінен таныстырылды.

Міржақып Дулатов – ұлт тәуелсіздігі жолында бар ғұмырын арнаған тұлға. Оның шығармашылығы да, қоғамдық қызметі де бір ғана мақсатқа – қазақ халқын оятуға, елді білім мен өркениетке жетелеуге бағытталды. «Оян, қазақ!» деп жар салған жас жүректің үні XX ғасырдың басында ұлт санасын дүр сілкіндірсе, бүгінгі күнде сол үн тарихи сабақ болып, тәуелсіздік қадірін ұқтыратын рухани құндылыққа айналды.

Кітапхана ұйымдастырған шолу барысында қаламгердің поэзиялық жинақтары, публицистикалық мақалалары, драмалық туындылары мен педагогикалық еңбектері таныстырылып, әрқайсысының ұлт мүддесін қорғаудағы орны атап өтілді.

Міржақыптың Алаш қозғалысындағы рөлі – оның есімін тарих бетіне жазып қалдырған ірі белес. Ол Алашорда үкіметінің белді мүшесі ретінде ұлттың тәуелсіз болашағын ойлап, саяси күрестің алдыңғы шебінде жүрді. Қиын-қыстау замандағы қуғын-сүргінге қарамастан, өз халқының мұраты үшін күресіп өткен қайраткердің өмір жолы – бүгінгі ұрпаққа үлгі.

Библиографиялық шолу барысында жастарға Міржақып мұрасының тарихи маңызы түсіндіріліп, оның шығармаларын оқу мен зерттеудің құндылығы айтылды. Шараның мақсаты – Алаш қайраткерлерінің қалдырған өнегесін бүгінгі және келешек ұрпаққа жеткізу, ұлттық рухты нығайту.

Ұлттық тарихымыздағы асыл есімдердің бірі – Міржақып Дулатовтың рухани мұрасы ешқашан мәнін жоймайды. Оның сөзі – елдіктің айнасы, еңбегі – ұлттың мәңгілік қазынасы. Алаш арыстары аманат еткен мұра — егемен елдің рухын асқақтатып, қазақтың жаңа буынын тәрбиелей бермек.

Жазира Шындаулет,
Аудандық кітапхананың библиографы

САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН – ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ НЕГІЗГІН ҚАЛАУШЫ



Өткен аптада аудандық кітапханада қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, көрнекті жазушы Сапарғали Бегалиннің туғанына 130 жыл толуына арналған өнеге сағаты өтті.

Сапарғали Бегалин – қазақ ауыз әдебиетін жинап, зерттеген ірі фольклоршы. Ол өз шығармашылығында халықтың тұрмыс-салты мен салт-дәстүрін, ұлттық ойындар мен дәстүрлі әдет-ғұрыпты көрсетті.

Жазушы 1935–1956 жылдары «Теміржолшы» газетінде, Тіл және әдебиет институтында, Қазақстан Жазушылары одағында қызмет атқарды. Ол «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Бегалиннің шығармашылығы мол: 25-тен астам поэма, 12 повесть, 100-ден астам әңгіме мен өлең, бір роман, тоғыз бір актілі пьеса жазған.

Оның өлеңдеріне М.Төлебаев, А.Жұбанов, С.Кәрімбаев және басқа композиторлар ән жазған.

Сонымен қатар, ол А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Т.Шевченко, Н.Лесков шығармаларын қазақ тіліне аударған талантты аудармашы. Зерттеуші және фольклоршы ретіндегі еңбегі «Жамбылдың ата-тегі, өмірі» туындысында көрініс тапқан.

Өнеге сабағы барысында жас ұрпақ Бегалиннің шығармашылығы мен ұлттық әдебиетке қосқан үлесін терең танып, оның еңбегін бағалады.

Яна Сайлаубекова
Аудандық кітапхананың кітапханашысы

ЖАС ЧЕМПИОНДАР ЖОЛЫ: ТАБЫСҚА БАСТАҒАН ТӨЗІМ МЕН ТӘРБИЕ



Ескелді ауданының жас балуандары жемісті өнер көрсетіп, жаттықтырушы еңбегі жоғары бағаланды.

Көксу ауданы, Балпық би ауылында Қазақстан Республикасының еңбегі сіңірген жаттықтырушысы Боранбаев Молдакерім Шаяхметұлын еске алуға арналған жасөспірімдер арасындағы еркін күрестен облыстық ашық турнир жоғары деңгейде өтті. Дәстүрлі додаға өңірдің жас балуандары қатысып, өз шеберліктерін көрсетті.

Жерлестеріміз бұл жарыста үздік нәтиже көрсетіп, жүлделі орындарды иеленді:

- Стамбек Мейрамбек (26 кг – 3-орын)
- Ғазиз Айсұлтан (35 кг) – 3-орын
- Маниев Ибрахим (46 кг) – 3-орын
- Турусбек Мейржан – 1-орын

Сонымен қатар Абай облысы, Жарма ауданында өткен республикалық турнирде де балуандарымыз табандылық танытып, жүлделі орындардан көрінді:

- Балғабеков Иасин (48 кг) – 3-орын
- Муратхан Алихан (85 кг) – 3-орын
- Батинуұлы Жалын (75 кг) – 1-орын

Бұл жетістіктердің артында – білікті бапкер, жас спортшылардың нағыз жанашыры Байғабатов Ракат Маратұлының еңбегі тұр. Ол шәкірттеріне тек спорттық дағдыны ғана емес, табандылық, тәртіп, жеңіске деген жігер секілді қасиеттерді сіңіріп келеді. Байғабатов Ракат Маратұлының ұзақ жылдық тәжірибесі мен тиянақты еңбегі жастардың біздің өңір намысын абыроймен қорғауына зор үлес қосып отыр. Бапкердің ең басты ерекшелігі – әрбір спортшының мүмкіндігін дәл бағалап, жеке жұмыс жүргізуі және оларды үлкен спортқа бағыттай білуінде.

Жас балуандардың облыстық та, республикалық та жарыстарда жүлделі орындар иеленуі – жаттықтырушы мен шәкірт еңбегінің жемісі.

Жерлестерімізді жеңістерімен құттықтап, болашақта да биік белестерді бағындыруына тілектеспіз!

БҮГІНГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІН МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ БІРТҰТАСТЫҒЫ

Қазақстан – тарихи дәуірлер тоғысқан, түрлі этностар мен өркениеттердің мәдени құндылықтары тоғысқан кең байтақ ел. Бүгінгі таңда ұлтымыздың рухани негізін қалыптастыратын екі маңызды ұғым – дін мен мәдениет – қоғамның тұрақтылығы мен ұлттық бірегейліктің негізгі тірегіне айналып отыр. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы ислам құндылықтарымен сабақтаса отырып, қазіргі заманда да өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Дін мен мәдениеттің тарихи сабақтастығы Қазақ даласына ислам діні VIII–IX ғасырларда келе бастады. Уақыт өте келе дін қазақтың мәдениетіне сіңіп, тұрмыс-салт жоралғыларымен табиғи үйлесім тапты. Мысалы: -жеті ата, құда түсі, ас беру, тұсаукесер, бесікке салу секілді дәстүрлер исламдағы адамгершілік, туыстықты нығайту қағидаларымен үндесіп келеді; -Ханафи мазһабы мен Матуриди ақидасының қалыптасуы – қазақ халқының дүниетанымына сәйкес келетін ымырашылдық пен парасаттылық жолының орнығуына ықпал етті. Бұл құбылыс ғасырлар бойы дін мен дәстүрдің бір-бірін толықтырып, үйлесімді өмір сүруіне жағдай туғызды. Тәуелсіздік кезеңіндегі рухани жаңғыру 1991 жылдан кейін Қазақстанда діни сенім бостандығы заңмен бекітіліп, халықтың рухани қажеттілігін өтеу үшін көптеген мешіттер, медреселер мен діни оқу орындары ашылды. Сол кезеңнен бастап мемлекет:

-діни бірлестіктердің қызметін заңмен реттеу, -діни радикализмнің алдын алу, -дәстүрлі ислам құндылықтарын қолдау, -мәдени және гуманистік бағыттағы жобаларды жандандыру арқылы рухани тұрақтылықты нығайтып келеді.

Мәдениетті жаңғыртуда «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» бағдарламалары маңызды рөл атқарды. Бұл бағдарламалар тарихи жәдігерлерді зерттеу, ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы қоғамда рухани иммунитет қалыптастыра түсті.

Біртұтастықтың қазіргі көріністері Бүгінгі Қазақстанда дін мен мәдениеттің тұтастығы бірнеше бағытта айқын көрінеді: 1. Дәстүрлі ислам құндылықтарының ұлттық тәрбиемен үндестігі Ынсап, иман, сабыр, үлкенді құрметтеу, бауырмалдық секілді қасиеттер – әрі діннің, әрі қазақ мәдениетінің өзегі. 2. Мемлекеттің зайырлы қағидасын сақтау Қазақстан – зайырлы мемлекет. Бұл ұстаным діннің саясаттан алшақ болуын қамтамасыз етіп, барлық конфессиялардың теңдігін көздейді. Зайырлылық – дінсіздік емес, керісінше діндердің бітімгерлік негізде қатар өмір сүруіне жағдай жасайтын құқықтық жүйе.

3. Радикалды ағымдарға қарсы иммунитет қалыптастыру Қоғамда дәстүрлі исламды күшейту – жат ағымдардың алдын алудың ең тиімді жолы. Қазақ дүниетанымына сай келмейтін радикалды идеологиялар діни мәдениеттің табиғи эволюциясына қайшы келеді. 4. Мәдени шараларда діни элементтердің сақталуы Наурыз мерекесін тойлау, ұлттық ойындар, отбасылық салт-дәстүрлер, айтыс, жыраулық өнер – осының бәрі рухани мәдениеттің ажырамас бөлігі.

Қорытынды Бүгінгі Қазақстандағы дін мен мәдениеттің біртұтастығы – қоғамның тұрақтылығы мен ұлттық бірегейліктің кепілі. Қазақ халқының дәстүрлі исламға негізделген дүниетанымы ғасырлар бойы мәдени өрнегімізді толықтырып, рухани тірегімізді нығайтып келеді. Қазіргі таңда да бұл үндестік Қазақстанның бейбітшілігі, татулығы мен тұрақты дамуы үшін аса маңызды күш болып отыр.

Бөкей Дүйсен,

Жетісу облысы дін істері басқармасының Ескелді ауданы бойынша теологы

ЛЕПСІДЕГІ ОПИУМ АҚШАСЫ: ЖЕТІСУ Өңірінің қаржы тарихындағы ерекше құбылыс (1918–1919 жж.)



1918–1919 жылдары Азамат соғысы кезінде Жетісу өңірі, соның ішінде Лепсі қаласы, орталық биліктен оқшау қалып, өз валютасын шығаруға мәжбүр болды. Бұл ақша алтынмен не күміспен емес, опиуммен қамтамасыз етілген ерекше құбылыс ретінде тарихта қалды.

Ақша шығару себептері

Азамат соғысы салдарынан Верный (қазіргі Алматы) Мәскеумен және Ташкентпен байланысын үзді. Ақша айналымында тапшылық туындап, Жетісу банкі жаңа жергілікті валюта шығаруды қолға алды. Қазынада алтын мен күміс болмағандықтан, өңірде көп мөлшерде жиналған 4,5 тонна опиум осы ақшаның материалдық негізі ретінде пайдаланылды.

Лепсі ақшаларының ерекшелігі

1918 жылы Лепсі қаласында ұсақ ақша жетіспегендіктен, 1, 3, 5 және 10 рубльдік жергілікті бондар қолмен дайындалды. Эмиссия шамамен 25 000 рубль болды.

Баспахана болмағандықтан, банк қызметкерлері герб маркасын ақ қағазға жапсырып, артқы бетіне «Лепсі қазынасының негізгі кассасы» деген мөр басқан. Тарихи маңызы және сақталуы

1920 жылы Кеңес өкіметі орнаған соң, опиум қоры тәркіленіп, осындай ақшалардың эмиссиясы тоқтатылды. Қазіргі таңда бұл сирек үлгілер — Лепсі тарихи музейінің қорында сақтаулы, аймақ тарихының құнды жәдігері болып саналады.

Нумизматтар 1918 жылғы Лепсі ақшасының қазіргі құнын 40–50 мың теңге шамасында бағалайды.

Лепсіде шығарылған опиуммен қамтамасыз етілген ақша — Қазақстан тарихындағы бірегей экономикалық тәжірибе. Ол қиын кезеңдерде жергілікті халықтың іскерлігін және бейімделу қабілетін көрсетеді. Бұл валюталар бүгінде тек қаржы құжаты емес, тарихи-мәдени мұраның маңызды бөлігі болып табылады.

Мереева Гүлбаршын Маратханқызы,
Лепсі тарихи музейінің меңгерушісі

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТҮСІНДІРУ БОЙЫНША КЕЗДЕСУ ӨТТІ



2025 жылдың 26 қарашасында Ескелді ауданының дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің конференция залында аудан тұрғындары мен сала мамандарына көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлерін түсіндіру мақсатында кең көлемді кездесу ұйымдастырылды. Іс-шараны Ескелді ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі ұйымдастырды.

Жиынға бөлім мамандары, аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушылары, аудандық бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығының қызметкерлері, сондай-ақ ауылдық округтердегі спорт жөніндегі әдіскерлер қатысты.

Кездесу барысында мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі, цифрлық форматта көрсетілетін мүмкіндіктер, спорт саласына қатысты қызметтерді оңтайландыру бағыттары жөнінде жан-жақты ақпарат берілді. Мамандар қатысушылардың сұрақтарына жауап беріп, тұрғындармен кері байланыс орнатты.

Іс-шараның мақсаты – аудан тұрғындарының мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін арттыру, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту және цифрландыру мүмкіндіктерін кеңінен түсіндіру. Кездесу соңында

қатысушылар мұндай ақпараттық шаралардың маңыздылығын атап өтіп, алдағы уақытта да жүйелі түрде өткізіліп тұруына ниет білдірді.

АУЫЛЫМЫЗДЫҢ АБЫРОЙЫН АСЫРҒАН ТАЛАНТ ИЕЛЕРІ



Туған жер топырағында түлеп, өнердің биігіне қанат қаққан әрбір талант иесі – сол өлкенің рухани байлығы әрі ел мақтанышы. Осындай өңіріміздің өнер өресін кеңейтіп жүрген дара тұлғалардың қатарында дарынды сазгер, ақын Аман Қалиасқарұлы мен Қалмұрат Ақанұлы бар. Екі өнер иесінің шығармашылығы бүгінгі күні ел руханиятын байытуға өлшеусіз үлес қосып келеді.

Жуырда осы таланттардың көп жылғы ізденісінің нәтижесі ретінде «Мың бұлақ» атты жыр жинағы жарық көрді. Бұл кітап – авторлардың жүрегінде сан жылдар бойы пісіп-жетілген өлеңдерінің тұңғыш көлемді топтамасы. Жинақтағы туындылар туған жерге деген адалдықты, ұлттық рух пен адамгершілік құндылықтарды тереңнен толғайды. Әр жолынан елге деген сүйіспеншілік, өмірдің алуан түрлі өрнегі айқын сезіледі.

Ауылымыздан шыққан өнер иелерін қолдау, олардың шығармашылығын кеңінен насихаттау мақсатында Ақын Сара ауылдық клубында өнер сүйер қауымның қатысуымен сазгерлермен сұхбаттасу кеші өтті. Кеш барысында Аман Қалиасқарұлы мен Қалмұрат Ақанұлы тыңдармандармен ой бөлісіп, шығармашылық жолдары мен әндерінің тарихы туралы сыр шертті. Өнерге бала жастан құштар болған ағаларымыздың алғашқы өлеңдері мектеп қабырғасында дүниеге келгені де көпшілікке қызық дерек болды.

Шарада ақындардың жырлары оқылып, жаңа шыққан «Ауылды аңсау» және «Жетісу – Талдықорғаным» әндерінің тұсауы кесілді. Бұл бастама ауыл жастарына рухани тәрбие беріп, өнерге және ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға бағытталды. Кешке қатысқан ауыл тұрғындары сазгерлердің жүрекжарды туындыларынан ерекше әсер алып, шабыттанды.

Өнер арқылы ауыл атын асқақтатып, руханиятымызды байытып жүрген Аман Қалиасқарұлы мен Қалмұрат Ақанұлына шығармашылық табыс тілейміз.

Алия Себепова

АқынСара ауылының кітапханашысы

Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ 50 ЖЫЛДЫҒЫ



2025 жылдың 21 қараша күні Ақын Сара ауылында Ш. Уәлиханов атындағы орта мектебінің 50 жылдық мерейтойына орай “Шоқан мектебі — жарты ғасырлық жарқын жол!” атты мұғалімдер арасындағы аудандық волейбол турнирі ұйымдастырылды.

Жарысқа жалпы 13 команда қатысып, өзара мықтылықтарын сынады. Турнир тартысты ойындарға толы болып, әр команда жоғары деңгейде ойын өрнегін көрсете білді.

Жарыс нәтижесі бойынша:

1 орын — Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебі
2 орын — Жалғызаташ орта мектебі
3 орын — Т. Рүстембеков орта мектебі
3 орын — М. Байысов орта мектебі иеленді.

Жеңімпаз спортшылар “Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы” КММ-сі Ескелді аудандық филиалы атынан арнайы кубок, медаль және грамоталармен марапатталды.

Шараның басты мақсаты — ұстаздар қауымы арасында спортты насихаттау, салауатты өмір салтын дамыту және мектеп мерейтойын ерекше форматта атап өту болды.

Г.Омарова,

«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

БУЛИНГ И КИБЕРБУЛИНГ СРЕДИ ПОДРОСТКОВ

Буллинг (травля): Направленные, повторяющиеся и намеренные действия одного человека или группы людей с целью причинить вред другому, который не может себя защитить.

Кибербуллинг: Травля с использованием цифровых технологий, таких как социальные сети, мессенджеры или игровые платформы. Это может быть размещение унизительных сообщений, фото, видео без согласия, создание фейковых профилей или распространение слухов.

Как распознать и что делать?

-Признаки у жертвы: Резкое изменение поведения, подавленное состояние, тревога при использовании устройстве, избегание общения, отказ от учёбы или встреч с друзьями, скрытность в отношении онлайн-активности.

Что делать родителям:

-Обсуждать с ребёнком его онлайн-активность и правила безопасности в интернете.

-Сохранять доказательства кибербуллинга (скриншоты сообщений, например).

-Поддерживать ребёнка и искать профессиональную помощь психолога, если ситуация серьёзная.

-Что делать подросткам против буллинга и кибербуллинга:

-Не реагируйте агрессивно: Игнорируйте нападки, не вступайте в перепалку. Это может усугубить ситуацию.

-Не вините себя: Помните, что вина лежит на том, кто совершает травлю.

-Сохраняйте доказательства: Делайте скриншоты сообщений, комментариев и других свидетельств, они могут пригодиться при обращении в правоохранительные органы.

-Блокируйте обидчиков: В социальных сетях и мессенджерах блокируйте пользователей, которые вас преследуют, и ограничьте возможность комментирования.

Обратитесь за помощью:

В школе: Расскажите психологу школы.

В онлайн: Используйте функцию жалобы на контент и аккаунты на платформах.

Повышайте цифровую грамотность: Не публикуйте личную информацию, не общайтесь с незнакомцами и не переходите по подозрительным ссылкам.

Будьте психологически устойчивы: Развивайте уверенность в себе и находите способы борьбы со стрессом.

Если вы находитесь в трудной жизненной ситуации не стесняйтесь и не бойтесь просить о помощи. Верьте в себя ведь от этого зависит ваше будущее.

А.И. Баратова,
ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ Психолог

АИТВ, ЖИТС ДЕГЕНІМІЗ НЕ? АИТВ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

АИТВ-адамның иммун тапшылығы вирусы. АИТВ-бұл адамның иммундық жүйесінің жасушаларын (негізінен CD4-оң Т жасушалары мен макрофагтар иммундық жүйенің маңызды жасушалық компоненттері) жұқтыратын, оларды бұзатын немесе олардың жұмысын бұзатын ретровирус. Бұл вирустың ағзадағы дамуы иммундық жүйенің біртіндеп сарқылуына әкеледі, нәтижесінде иммунитет тапшылығы пайда болады.

Иммун тапшылығы-бұл иммундық жүйенің жағдайы, ол өнді инфекциялар мен аурулармен күресуде өз рөлін атқара алмайды. Иммун тапшылығы бар адамдар көптеген инфекцияларға және әртүрлі қатерлі ісіктерге айтарлықтай осал, олардың көпшілігі иммун тапшылығы жоқ адамдарда сирек кездеседі. Ауыр иммун тапшылығымен байланысты аурулар оппортунистік инфекциялар деп аталады, өйткені олар иммундық жүйенің әлсіреуі арқылы дамуға мүмкіндік алады.

ЖИТС дегеніміз не?

Жүре пайда болған иммун тапшылығы СПИД синдромы — бұл иммундық жүйенің жетіспеушілігімен байланысты белгілер мен инфекциялардың жиынтығы. Иммундық функция әдетте CD4 жасушаларының санымен өлшенеді.

АИТВ-инфекциясының ең соңғы кезеңі-жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромы (ЖИТС), ол емделмеген жағдайда кейбір адамдар көптеген жылдардан кейін дамуы мүмкін. ЖИТС кейбір қатерлі ісіктердің, инфекциялардың немесе созылмалы сипаттағы басқа ауыр клиникалық көріністердің дамуымен сипатталады.

Калиякберова Гульмира Серікбайқызы,
ШЖҚ «Ескелді аудандық орталық ауруханасы» МКК

АЛДАБЕРГЕНОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Алдабергенов ауылдық округінде, жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы 2020 жылғы 1қазандағы № 301 бұйрығына сәйкес көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен мемлекеттік қызметтердің 5 түрі көрсетіледі.

- Сауда - саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу ;
- Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру;
- Жер учаскесін жекеменшікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату;
- Жер учаскесін алу үшін кезекке қою;
- Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпаратқа халықтың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппараты ғимаратында, стендте көрінетін жерде мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қағидалары орналастырылды, сондай-ақ халықтың өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істеп тұр.

Әкімшілікте «Электрондық үкімет» пен egov.kz порталдарында жұмыс істеуге халықты үйрету бойынша жұмыстар жүргізіледі. Тұрғындарға электрондық-сандық қолтаңбаны ашу қажеттігі және картридерді қолдану тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ электрондық мемлекеттік қызметтердің мүмкіндіктері айтылып жеткізілуде.

«Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппараты» м.м.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ - ҚОҒАМ ДЕРТІ

Қазіргі таңда қоғамның дамуына кедергі келтіретін ең қауіпті әлеуметтік құбылыстардың бірі – сыбайлас жемқорлық. Ол мемлекеттегі әділеттілікті әлсіретіп, халықтың билікке деген сенімін төмендетеді.

Сыбайлас жемқорлықтың таралуына шенеуніктердің өз қызметін жеке пайдасы үшін пайдалану әрекеттері себеп болады. Пара алу, қызметін асыра пайдалану, мемлекеттік қаражатты талан- таражға салу – мұның бәрі мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп, экономикаға орасан зор зиян тигізеді.

Қазақстанда бұл дертпен күрес – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң қабылданып, мемлекеттік органдарда ашықтықпен есептілік жүйесі енгізілуде. «Адалдық алаңы», «Sanaly ugraq» сияқты жобалар жастарды адалдық пен әділдікке тәрбиелеуге бағытталған.

Сыбайлас жемқорлықпен тек заң арқылы ғана емес, халықтың құқықтық санасын арттыру арқылы да күресу қажет. Әрбір азамат пара бермеуді, заңсыз әрекетке жол бермеуді өзінен бастағаны жөн. Өйткені сыбайлас жемқорлыққа қарсы ең үлкен күш – халықтың белсенділігі мен әділдікті қолдауы.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуына, халықтың әл-ауқатына үлкен қауіп төндіретін құбылыс. Онымен күресу – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, барша қоғамның ортақ міндеті. Әрбір азамат адалдықты ту еткенде ғана, әділетті әрі дамыған мемлекет құра аламыз

М.Серік
«Ескелді ауданы, Бақтыбай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы

HABARLANDYRU

08.12.2025 ж. бастап 5 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында Жетісу облысының Ескелді ауданында орналасқан «Кокжазық» шаруа қожалығына (пайдалану кезеңінде, қолданыстағы объект үшін) «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Кокжазық» шаруа қожалығы, мекенжайы: Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Көкжазық ауылы, Абдіров көшесі 37. Тел. 87023384079, bag_i_zhann@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ 7su_expertiza@mail.ru. Тел. 87771719039, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі 26.

С 08.12.2025г в течении 5 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» для Крестьянского хозяйства «Кокжазык», расположенного в Ескельдинском районе области Жетісу (в период эксплуатации для существующего объекта).

Инициатор намечаемой деятельности: Крестьянское хозяйство «Кокжазык», адрес: область Жетісу, Ескельдинский район, с.Кокжазык, ул.Абдірова 37. тел. 87023384079, bag_i_zhann@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su_expertiza@mail.ru. Тел. 87771719039, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

09.01.2026 жылы, сағат 11:00-де Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі 52 мекенжайы бойынша «Жетісу облысының Ескелді ауданында орналасқан «Ащыбұлақ-2» кен орнында әктас өндіру кезінде бұзылған жерлерді рекультивациялау» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентифика-торы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «АК НАР & Н» ЖШС, БСН 060940006983, мекенжайы: Жетісу облысы, Текелі қаласы, Әл-Фараби көшесі, 26 үй, 4 пәтер. Тел. 87013495537, rotova_galina@mail.ru. Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ, 7su_expertiza@mail.ru. Тел.87771719039, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

09.01.2026г, в 11:00 часов, по адресу: область Жетісу, Ескельдинский район, с.Карабулак, ул.Оразбеков 52 будут проводиться общественные слушания по проекту «Рекультивация земель нарушенных при добыче известняков на месторождении «Ащибулак-2», расположенном в Ескельдинском районе области Жетісу». Ссылка на подключение Зум видео конференции: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «АК НАР & Н», БИН 060940006983, адрес: область Жетісу, город Текели, улица Аль Фараби, дом 26, кв. 4. Тел. 87013495537, rotova_galina@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su_expertiza@mail.ru. Тел. 87771719039, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

09.01.2026 жылы, сағат 15:00-де Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Жетысу ауылы, Досқожанов көшесі 26 мекенжайы бойынша «Жетісу облысының Ескелді ауданында орналасқан «Қаратал-1» кен орнында құм-қиыршық тас қоспасын өндіру кезінде бұзылған жерлерді рекультивациялау» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентифика-торы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «БОЛАШАК-БСЕ» ЖШС, БСН 990140005335, мекенжайы: Жетісу облысы, Текелі қаласы, Қаратал көшесі, 349А ғимарат. Тел. 87013495537, rotova_galina@mail.ru. Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ, 7su_expertiza@mail.ru. Тел.87771719039, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

09.01.2026г, в 15:00 часов, по адресу: область Жетісу, Ескельдинский район, с.Жетісу, ул.Досқожанова 26 будут проводится общественные слушания по проекту «Рекультивация земель, нарушенных при добыче песчано-гравийной смеси на месторождении «Қаратал-1», расположенном в Ескельдинском районе области Жетісу».

Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «БОЛАШАК-БСЕ», БИН 990140005335, адрес: область Жетісу, город Текели, ул.Қаратал, здание 349А. Тел. 87013495537, rotova_galina@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su_expertiza@mail.ru. Тел. 87771719039, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА. Редакцияның телефоны 3-19-15	Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.	Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.	Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспаханың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы,Райымбека көшесі, 369-үй	Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.	Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 1729 Көлемі 2 баспа табақ.	Авторлардың мақалалары редакцияның кезқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ
--	---	---	---	--	---	--